



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде халық батыры Исатай Тайманұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Батырлар институты: қалыптасуы, тарихы, маңызы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

Басқосу Исатай Тайманұлының 220-жылдығына арналды

Қазақ ұлтының қалыптасу тарихында батырлар институты орасан зор рөл атқарды. Солардың бірі - елінің, жерінің азаттығы үшін күрескен Исатай Тайманұлы.

қарсы көтерілістің зерттелу тарихы, қазақ тарихындағы батырлар институтының қалыптасуы, қазақ тарихындағы батырлар институтының қалыптасуы, саяси-әлеуметтік

құндылықтары мен маңызы XIX ғасырдағы Бөкей Ордасындағы қоғамдық-саяси жағдай, қазіргі заман жастарын ұлттық патриотизмге тәрбиелеу сынды бірқатар мәселелер төңірегінде ой бөлісті. Сонымен бірге бұл жиында Исатай батыр құрметіне ескерткіш орнату да сөз болды.

Жиынға университеттің профессор-оқытушылар қауымы, студент жастар мен Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облысынан келген ғалымдар қатысты. «Халықарасынан белсене шығып, елін, жерін қорғаған Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлын сол

кездегі қоғамдық ойлардың айнасы деп айтуға болады», - дейді шығысқазақстандық, тарих ғылымының докторы, профессор С.Игібаев.



Алқалы басқосуда ғалымдар 1836-1838жж. Бөкей Ордасындағы шаруалар көтерілісіндегі И.Тайманұлының рөлі, халық батыры Исатай бастаған отаршылдыққа

Тілдің үш тұғырлығы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 12-14 мамыр күндері Ресей Халықтар Достығы университетімен (РУДН) бірлесіп ұйымдастырған «Тілдің үш тұғырлығы» атты ғылыми-практикалық семинар бөліп өтті.



Қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналған қазақ тілінің тағдыры қай адамды болса да алаңдатыр анық. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріліп, мәртебесі асқақтау үшін мемлекет, қоғам тарапынан барлық жағдай жасалып жатырғаны ақиқат. Бұл орайда біздің университетімізде осынау игі бастамаларға әрдайым қолдауын білдіріп, түрлі маңызы жоғары конференциялар мен форумдар ұйымдастыруда өзгелерге үлгі көрсетіп келеді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей бастамасымен қолға алынған «Тілдің үш тұғырлығы» бағдарламасы аясында университетте көптеген шаралар жүзеге асуда. Солардың қатарында 12-14 мамыр аралығында Ресей Халықтар Достығы университетімен бірлесіп өткізген «Тілдің үш тұғырлығы» ғылыми-практикалық семинардың маңызы ерекше. Ғылыми-практикалық семинардың негізгі мақсаты: мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын көпшілікке тарату, орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау, халықаралық іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде танылған ағылшын тілінің қолданыс аясын кеңейту. Бұл аталған семинарға Ресей Халықтар Достығы университетінен филология ғылымдарының докторы, профессор Бахтикиреева Ұлдана мен филология ғылымдарының докторы, профессор В.П. Синякин қатысып, арнайы дәрістер курсын өткізді. Семинарда Қазақстан Республикасы Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жолдары қарастырылды. «Тілдің үш тұғырлығы» атты ғылыми-практикалық семинары мынадай басты бағыттарда жұмыс жасады: 1. Оқу орындарындағы (жоғары, арнаулы орта, орта) қазақ тілі мен әдебиеті теориясы мен әдістемесінің өзекті мәселелері; 2. Қазіргі орыс тілінің теориясы және оқу орындарында оқытудың әдістемелік аспектілері; 3. Ағылшын тілін оқыту және аударматану, билингвизм мәселелері. 12 мамыр күні семинарға қатысушыларға С.Ф.Шарабасов, Ғ.Қ.Хасанов, Ұ.Р.Ержанова, А.Ә.Ниязғалиева, З.Ж.Мүтиев, А.С.Ниетова, М.Әжіғалиев, А.Ы.Мамыров сынды университетіміздің белді ғалым-оқытушылары арнайы дәрістер оқыды. 13-14 мамыр күндері семинар жұмысы ресми түрде басталып, Мәскеу қаласынан келген ғалымдардың қатысуымен пленарлық мәжіліс, студенттерге арналған арнайы дәрістер өткізіліп, танымдық жағынан мол мағлұматтар берілді. Ғалымдар тілдің үш тұғырлығы аясында тіл үйренудегі қиыншылықтар мен кедергілер, тіл біліміндегі өзекті проблемалар тақырыптарында пікір алмасты. Тілдің жаңа аспектілері турасында көптеген пікірлер ортаға салынып, жаңаша көзқарас тұрғысынан талқыланды. Білім ордалары оқу процесіндегі озық тәжірибелермен алмасып, тығыз достық қарым-қатынас орнатты. Қазіргі тіл біліміндегі өзекті тақырып аударма мәселесіндегі сауатсыздықты жою, олқылығы көп аудармалардың алдын-алу, қазақ тілінен орыс тіліне аударудың тиімді өрі өте дұрыс тәсілдері турасында келелі пікірлер айтылған бұл ғылыми-практикалық семинардың оқытушыларға да, студенттерге де берері мол болды.

Елдана АСЫЛХАНҚЫЗЫ

Мән мен маңызға толы кездесу

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 7 мамыр күні Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ҚХА Секретариатының меңгерушісі, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Тоғжанов Ералы Лұқпанұлымен кездесу болып өтті.

Орал өңірінің перзенті, қазіргі таңда Қазақстан халқының игілігі үшін қызмет жасап жүрген ұлтжанды азамат Ералы Лұқпанұлымен кездесуге университет ректоры, тарих ғылымдарының докторы, академик Тұяқбай Зейітұлы, университет проректорлары, факультет декандары, профессор-оқытушылар ұжымы мен студенттер қауымы қатынасты. Кешті жүргізген университет ректоры Ералы Лұқпанұлының өмірі мен қызметтік жолына тоқталып, сөзді кеш қонағына берді. Ақжайық өңіріне табиғи апаттың салдарын бағамдап, көмек қолын ұсынуға келген кездесу кейіпкері өз баяндамасында Қазақстандағы түрлі ұлт өкілдерінің хал-ахуалына, елімізде ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімді сақтаудың қазақстандық моделіне, қазақ тілін өзге ұлт өкілдерінің меңгеру жайына кеңінен тоқталды. Ел тәуелсіздігінің 20-жылдық мерейтойы қарсаңында атқарылған істер мен бағындырылған белестердің ең үлкені Қазақстанның көп ұлтты санаулы мемлекеттердің санатындағы бірлігі жарасқан жалғыз ел екенін ерекше атап өтуінің өзі жиынға қатысушыларды бір серпілтіп тастады. «Расында, өзге ұлт өкілдерін шетке теппей, ұлт пен ұлысқа бөлмей бауырмалдық танытуда Қазақстан өзге елдерге үлгі көрсетіп келеді. Тәуелсіздікке дейінгі және бүгінгі жағдайдың айырмашылығы көз алдымызда. Тағдырдың жазуымен, тарихтың талқысымен қазақ жерін паналаған түрлі этнос өкілдері ортақ Отанымызды көркейту жолында аянбай тер төгуде. Олар қазақ халқының қиын кезеңде көрсеткен қамқорлығына шын жүректен алғысын айтып келеді» деп түйінді ой айтқан Ералы Лұқпанұлы кездесуге қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға да жағымды жауабын берді. Кездесу соңында университет студенттерінің шынайы алғысына бөленген Ералы Лұқпанұлына гүл шоқтары мен арнайы ескерткіш сыйлық табысталды. Ресмиліктен аулақ, шынайы мән-маңызы бар кездесу түрінде өткен бұл жиынға кездесу кейіпкері де, университет ұжымы да дән риза болды.





Р
К
Е
Н

№ 6 (864) мамыр 2011 жыл

8

Құттықтаймыз!!!

Құриетті Түлжан Зәкірқызы!

Сізді абыройлы 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз өз мерейтойыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрар жетістіктермен келіп отырсыз. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Өміріңізді адал еңбегіңізге арнап, адамгершілігі мол табиғи жайсаң болмысыңыз – ұрпағыңызға да, өзгелерге де үлгі-өнеге.

Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге және туыстарыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбектегі табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз! Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін! Бақытыңыз баянды болып, аман-есен жүргейсіз!



Ізгі ниетпен, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы




Құриетті Роза Луқпанқызы!

Өмірде өлшенбейтін іс – балаға берген білімің, мейірімің, қамқор пейілің. Ол – болашақ. Болашақтың бұр жарған сабағына құйған білім нәрің мәңгілік. Осынау мәңгілік борышты ауырсынбай, аялбай, өзіңнің адамгершілік парызым, қала берді аналық қамқорлығым деп түсінген М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжінің математика пәнінің мұғалімі, М-412 тобының кураторы Айбулатова Роза Луқпанқызы 50 жасқа толғалы отыр.

30 жылға жуық ғұмырын ұстаздық қызметіне арнаған Роза Луқпанқызы талай шәкіртті білім нәрімен сусындатқан.

Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізем деп жүретін ұстаздардың бірі, Роза Луқпанқызын 50 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шәкірттеріңіз бен әріптестеріңіздің арасында сый-құрметке ие, сүйікті ұстаз болып жүре беріңіз деп тілек жолдаймыз.



М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжі ұжымы

(Жалғасы. Басы 2-бетте)

Наурыз айында өткен қазақша күрес бойынша облыстық чемпионатта Н.Тасқалиев жеңіске жетіп, ҚР Чемпионатына, ҚР халық спартакиада-сына қатысуға жолдама берілген. 3 курс студенті Д.Жұбанышев БҚО чемпионатында еркін күрестен чемпион атанып, республикалық байқауларға қатынасу үшін облыстық құрама командасының сапына енген. 2 курс студенті М.Тажғалиева БҚО чемпионатында «тоғызқұмалақтан» қола медальға ие болды. Жоғары және орта арнаулы оқу орындары арасында үстел теннисінен өткен БҚО біріншілігінен М.Өтемісов атындағы БҚМУ құрама командасы жеңімпаз деп танылған.

ұйымдастырылған болатын. Бұл сайысқа да университетіміздің спортшылары атсалысып, спорттың футбол, қысқы көпсайыс, кір тасын көтеру, армрестлинг мен пауэрлифтинг түрлері бойынша білім ордасының намысын қорғады. Пауэрлифтинг бойынша 75 кг салмақ дәрежесімен студент Г.Бородкин жеңімпаз болса, студент А.Немтарев күміс жүлде иесі атанды. Сонымен бірге армрестлинг түрінен А.Жамбыл универсиаданың күміс медаль иегері атанды. Бұл III қысқы универсиаданың нәтижесінде М.Өтемісов атындағы БҚМУ 23 жоғары оқу орындарының ішінен 10 орынға тұрақтаған болатын, - дейді «Ақжайық» спорт клуб төрағасы Ж.С.Жардемев

«Ақжайық»

спорт клубы - жастардың шынығу орталығы

«Оқу жылы барысында студенттер Б.Жарылғасов, С.Махамбетов спорттың «самбо» түрінен бірнеше дүркін халықаралық байқауларға қатысты. Өткен жылдың қазан айында Грузияның Тбилиси қаласында өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында Б.Жарылғасов күміс медальға қол жеткізсе, биыл қаңтарда болған Әлем кубогының I орын иегері атанды. Сондай-ақ, ҚР чемпионатында волейболдан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл толуына орай Орал қаласында наурыздың 30-ы мен сәуірдің 2 күні аралығында өткен бокстан халықаралық турнирге Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Моңғолия елдері қатысқан еді. Аталмыш турнирде өз салмақ дәрежесімен көзге түскен Р.Ахмодашев деген студентіміз жеңімпаз атанды. Оқу жылының барысында Атырау қаласында ҚР ЖОО арасында шағын-футболдың аймақтық іріктеу кезеңінен М.Өтемісов атындағы БҚМУ құрама командасы II орынды місе тұтты.

Қыс мезгілінде Өскемен қаласында еліміздің жоғары оқу орындары арасында III қысқы универсиада

бізбен болған әңгімесінде.

Ал ҚР ЖОО арасында өтетін VI жазғы универсиадасына оқу орнынан ерлер және қыздар құрама командасы спорттың «самбо» және «садақпен ату» бойынша бақтарын сынауда. 10-13 мамыр күндері Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында спорттың «самбо» түрінен өткен сайыстан студенттеріміз Сұпығалиев Қазбек I орынға, Шурмен Бауыржан III орынға ие болды.

Университет спорт клубында спорттың 16 түрі бойынша секция жұмыс жасайды. Олар: волейбол (қыздар және ұлдар арасында), шағын-футбол, баскетбол (қыздар арасында), үстел теннисі, самбо, дзюдо (қыздар мен ұлдар арасында), бокс (қыздар мен ұлдар арасында), армрестлинг, кір тасын көтеру, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ. Бұл спорттық секциялар бойынша қатысатындардың көбісі күндізгі оқу бөлімінде оқитын жастарды құрайды.

Бүгінгі таңда университетте спорттың самбо, шорт-трек, садақатусындар түрлері бойынша ҚР құрамасының 10 мүшесі, облыстық құрамаға 40 мүше студенттер білім алуда. Елімізде өткен VII Қысқы Азия ойындарының шорт-трек спортынан III

Жастық МЕРЕКЕСІ

Өмір әрбір адамға ғаламат зор баға жетпес сый – күш-жігерге толы жастықты, арман-үмітке, тілек пен білімге, күреске, ұмтылысқа, үміт пен сенімге толы жастық дәуренді береді.

Биік қонар қырандары қалықтап,

Еліміз бар шартарапқа шарықтар.

Самға! Шарла! Биік ұста туыңды,

БҚМУ-ға бас боларлық бар ұрпақ, - деген ұранмен өтетін жыл сайынғы

«Студенттік көктем» фестивалі биыл да өз жалғасын тапты. Бір айға созылған фестивальдің көздеген мақсаты – студенттерді патриоттық сезімге баулу, жастардың мәдени, рухани дамуына, білім мен тәрбиесінің жетілуіне, шығармашылық өсуіне жағдай жасау, талантты жастарды табу және оларға қолдау жасау. Он екі номинация бойынша оздырылған фестивальдің биылғы жылғы ерекшелігі – «Ең үздік роль», «Үздік жас тілші» номинацияларының



қосылуы. Сонымен қатар, фестивальдің демеушісі - БҚМУ Студенттері кәсіподағы он бір бөлімнің ішінде фестивалда тамаша өнер көрсетіп, 4 орынға ие болған экономика және басқару институтына өзінің арнайы сыйлығын табыс етті.

«Студенттік көктем - 2011» фестивалінің қорытындысы бойынша **Бас жүлде** – қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі, **I орынға** – жаратылыстану бөлімі, **II орынға** – БҚМУ колледжі, **III орынға** – тарих бөлімі лайық деп танылды. Ал жаңа номинациялардың жеңімпаздары: **«Үздік роль» бойынша** - Физика мамандығының 1 курс студенті Оралбек Рысқалиев және **«Үздік жас тілші» номинациясы иегері** - қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті Елдана Асылханова деп анықталды.

Барша студенттердің асыға күтетін бұл фестивалі - мереке іспетті. Бір ай бойы дайындалған еңбектерінің жемісін көріп, шат-шадыман болған студенттерге бұндай шараның тәрбиелік маңызы зор. Ал біздің туға алма-матерде студенттер үшін мазмұнды іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп келеді. Сондықтан осындай шаралардан танылатын жас дарындыларымыз болашақта оқу ордамыздың мерейін асқақтатынына сеніміміз мол.

Мейрамгүл СРАЛИЕВА

орынға ие болған жеңімпаз студенттеріміз К.Мотова, И.Симонова, Н.Жұмағазиев - ҚР құрамасының мүшелері, ҚР спорт шеберлері.

Әкімшілік бөлімі де спорттық шараларды ұйымдастыруда әрдайым қолдау көрсетіп отырады. Солардың бірі «Денсаулық» спартакиадасы профессор-оқытушы қауым мен студент жастар арасында жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп отырады. Сондай-ақ спорттың жеті түрінен (шағын футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы) өтетін студенттер спартакиадасы да студент қауымның сүйікті шарасына айналған.

Сенбі-жексенбі күндері спорт сарайы мәдени-демалыс жұмысы бөлімімен бірлесе спорттың баскетбол, волейбол, шахмат, дойбы, үстел теннисінен университет студенттері арасында ойындар өткізуде. Бұнымен айтқымыз келетіні, спорт клуб бүгінгі таңда жаңа ұрпақтың рухани өсуіне, шынығып жаттығуына күш беретін әр спорттық шаралардың кешені деп айтуға болады. Спортқа баулу жайында қандай да бір мәселелер туындаса да спорт клуб өз жұмысын жүйелі және өз деңгейінде жұмыстанып келетініне куә болдық. Үлкен республикалық, халықаралық арена-арға қатысуына жас спортшыларды дайындауына, шыңдалып, ширатылуына септігін тигізіп отырған, спортшылар қатарының өсуіне де ықпал етіп отырған спорт клубтың білім орда-сында алар орны ерекше. Сонымен қоса әр спорттық шараны ұйымдастыруда спортқа жанашырлық танытып, спорт жеңімпаздарын дайындауда ұстаздардың еңбегі өлшеусіз.

Өз тілшіміз

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г куәлігі берілген.

Индексі 090000

Таралымы 1000

РЕДАКТОР: ШЫНТЕМІРОВА Гүлсая Каримоллақызы

ТІЛШІЛЕР: АСЫЛХАНОВА Елдана БИЯШЕВА Гүлсезім СРАЛИЕВА Мейрамгүл

КОРРЕКТОР: БЕККУЖИЕВА Светлана ОПРЯ Оксана Викторовна

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН: АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТШІ: ХАЛЕЛОВ Рафхат

Газет БАҚ және баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52

Біздің сайт: www.wksu.kz

e-mail: IC_SMI@wksu.kz